



Колледждегі тәрбие жұмысы

6.05.2015ж.

Қазақстандық патриотизм мен азаматтықты қалыптастыру бағыты бойынша Ұлы Отан соғысының 70 жылдығына арналған «Отты жылдар шежіресі» тақырыбында «Емдеу ісі» бөлімінің 101 топ студенттерімен Саурбаева Л.Б. колледжішілік ашық тәрбие сағатын өткізді.



29.05.2015 ж. 31- мамыр қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күніне орай Жамбыл медициналық колледжінде «Алты Алаштың арыстары» тақырыбында 117 топ білімгерлері арасында ашық тәрбие сағаты өткізілді. Мақсаты: Өткен ғасырдың 1937 жылдары бетке ұстар азаматтарды саяси қуғын-сүргінге ұшыратқан қоғамның қайшылықты қарекетін таразылау, тарихи жадыны жаңғырту. Жауапты: Ахметбекова Р.М.



15.05.2015 ж. 9 мамыр - Ұлы Жеңіске 70 жыл, Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің құрылғанына 23 жыл және Жамбыл медициналық колледжінің 80 жылдық мерейтойына арналған I курс білімгерлері арасында әскери-патриоттық «Сапта жүріп ән айту» байқауы өткізілді. I орынды 106 топ, II орынды 104, 110 топтар, III орынды 102, 103, 107 топтар қанағат тұтты. 106 топ студенттері облыстық жарысқа жолдама алып, облыстық жарыста белсене қатысқаны үшін мақтау қағазымен марапатталды.



29.05.2015 ж. Жастар арасында діни экстремизм мен діни ағымдардың қоғамға келтіретін зардаптары тақырыбында «Һибатулла» мешітінің найб-имамы Е. Аманбаевпен кездесу өткізілді.



21.05.2015 ж.

№1 Жалпы кәсіптік пәндер ЦӘК мүшелері ұйымдастыруымен "Өз қан қысымыңды білесің бе?" атты акция өткізілді. Бұл акцияда колледж оқытушылары, қызметкерлері және студенттерінің артериялық қан қысымы өлшенді.



Жамбыл медициналық колледжінің үздік және белсенді студенттерін директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Л.Т.Қуанышбекова және колледж оқытушыларының басшылығымен еліміздің мәдени тарихи құндылығы бар жерлерге саяхатқа барып қайтты.



Көкшетау медициналық колледжінде өткен "Ұлы Жеңістің 70 - жылдығына арналған "Ұлы Отан соғысы кезіндегі Қазақстан" атты Республикалық ғылыми - тәжірибелік конференцияға колледждің I курс студенті Тоғаева Асыл баяндама жасап, сертификатқа ие болды және жетекшісі: қазақ тілі пәнінің оқытушысы Ә.Т. Мадимароваға сертификат берілді.

"Компьютер әлемі" тақырыбындағы Республикалық сырттай байқауға колледж студенттері Таштанбеков Өмірбек I дәрежелі, Бейсен Гауһар III дәрежелі дипломдарын жеңіп алып және "Web дизайн" номинациясы, "Суреттер байқауы" номинациясы бойынша сертификатқа ие болды. Жетекшісі: информатика пәнінің оқытушысы Сарыбаева Г.Қ.

Біздің мекен-жайымыз: Тараз қаласы, Жамбыл медициналық колледжі Ниетқалиев к. 20, 2 қабат әдістемелік кабинет.



№8(8) 6 маусым 2015 жыл, сенбі



Жамбыл медициналық колледжінің 80 жылдық мерейтой карсаңында

Ұлы Отан соғысындағы жеңіске -70 жыл



Ұлы Жеңіс күнін жақындатқан қазақстандық ардагерлердің жарқын ерлігі ұрпаққа мұра. Бүгінгі бейбіт күннің бақытты ұрпағы майдангерлерге сол үшін бас иеді. Елдік рухты көтеретін ерлік ешқашан ескірмейді.

2015 жылдың 9 мамыр күні «Мәңгілік алау» мемориалының (Төле би даңғылы мен Сыпатай батыр көшесінің қиылысы) салтанатты ашылу және гүл шоқтарын қою рәсіміне студенттер мен колледж оқытушылары қатысты.



06.05.2015 ж.

7 - мамыр Отан қорғаушылар күніне байланысты №3 жалпы білім беру және жалпы ізгілендіру ЦӘК оқытушылары колледждің ер азаматтарын мерекемен құттықтап, ЦӘК төрайымы Д.Б. Баяхметовнаның ұйымдастыруымен концерттік бағдарлама қойды.



Бүгінгі нөмірде:

- ✓ Ұлы Отан соғысындағы жеңіске -70 жыл
- ✓ 7 мамыр - Отан қорғаушылар күні
- ✓ Үйірме жұмысы
- ✓ Кәсіби байқау
- ✓ Симуляциялық орталықтың ашылуы
- ✓ Құттықтаулар
- ✓ Колледждегі тәрбие жұмысы

14.05.2015 ж.

Анатомия пәнінің оқытушысы Жолмухамедова Ж.С. ұйымдастыруымен ІІ курс студенттерінің арасында "2015 жылдың ең үздік анатомиялық командасы" атты байқау өтті. Байқауға 3 команда қатысып, байқау 7 тур бойынша өтті. І орынды "Эндорфиндер" тобы, ІІ орынды "Гиппократ" тобы, ІІІ орынды "Сог" тобы иеленді. Байқау мақсатына жетті.



Үйірме жұмысы

15.05.2015 ж. Жамбыл медициналық колледжінің 80 жылдық мерейтойына орай «Шабыт» үйірмесінің жетекшісі Қалдыбекова Жанна Садуақасқызы «Өмір және тағдыр» тақырыбындағы ашық үйірме отырысын өткізді. Мақсаты: Жасөспірімдер арасындағы суицид дертінің алдын – алу. Жастарға «суицид» зардабын түсіндіре отырып, өркениетті еліміздің тағдыры жастардың қолдарында екендігін ұғындыру.



22.05.2015 ж.

Жамбыл медициналық колледжінің 80 жыл толуына орай, «Инфекционист» үйірмесі жетекшісі Блейменова Б.Б ұйымдастыруымен «Эбола – аса қатерлі жұқпалы дерт» тақырыбында дөңгелек үстел өткізілді. Әлемді дүр сілкіндірген ғасыр дерті, алдын-алу шаралары жөнінде білімгерлерге толық мағлұматтар берілді.



1.06.2015 ж. Жамбыл медициналық колледжінің 80 жылдық мерейтойы аясында «Салауатты өмір салтын қалыптастыру және Жамбыл медициналық колледж студенттері арасында жүрек-қан тамыр ауруларын алдын алу» тақырыбында үйірме жұмысының 2014-2015 оқу жылдарының қорытынды ғылыми-тәжірибелік конференциясы өткізілді. Конференцияға 18 пәндік үйірмелер, 2 волонтер жасақтары мен 1 пікірталас клубы қатысты. Студенттердің шығармашылық жұмыстарынан көрме ұйымдастырылды.

І орын-Шорабекова Д.Н. 119 «Емдеу ісі» тобы, «Жас химик» үйірмесінің мүшесі. Жетекшісі: Молдабаева М.С. ІІ орын-Амангелді Несібелі 307 «Мейірбике ісі» тобы, «Шипагер» үйірмесінің мүшесі. Жетекшісі: Серкебаева А.К. ІІ орын-Халмухамедова Умида 317 «Емдеу ісі» тобы «Педиатрия» үйірмесінің мүшесі. Жетекшісі: Иржанова Д.Н. ІІІ орын-Юсуфзаде Олхе 208 «Емдеу ісі» тобы «Авиценна» үйірмесінің мүшесі. Жетекшісі: Кузнецова Л.М. ІІІ орын-Ермекова Ақбота 303 «Емдеу ісі» тобы «Мейірім» волонтер жасағының мүшесі. Жетекшісі: Махамбетова О.А. ІІІ орын-Валижанова А. 108 «Емдеу ісі» тобы «От сердца к сердцу» волонтер жасағының мүшесі. Жетекшісі: Раимбаева М.Т. Әділ қазылар алқасы жақсы жұмыстарды номинациялар бойынша марапаттады. Конференцияда колледждің бастауыш кәсіподақ ұйымы мен студенттердің кәсіподақ ұйымы жақсы жұмыстардың жетекшілеріне сый-құрмет көрсетті.



Колледж жетістіктері

4.06.2015 ж.

Клиникаға дейінгі оқу - тәжірибелік орталығы және өңірлік симуляциялық орталық ашылды!

Медицинадағы симуляциялық білім беру - оқытудың заманауи технологиясы, білімі мен біліктілігін, тәжірибелік дағдыларын бағалау.

Жамбыл медициналық колледжінің Б- ғимаратында Жамбыл облысы әкімдігі денсаулық сақтау басқармасы Жамбыл медициналық колледжінің клиникаға дейінгі оқу - тәжірибелік орталығының және өңірлік симуляциялық орталығының салтанатты ашылу рәсімі өтті, болашақ ақжеленді абзал жандардың сапалы білім алуларына мүмкіндік туды. Симуляциялық орталықтың салтанатты ашылу рәсіміне қатысқан Жамбыл облысы әкімінің орынбасары Ерқанат Мәнжуов сөз алып өңірлік симуляциялық орталықтың ашылуымен құттықтады. Орталықты ашу лентасын Жамбыл облысы әкімінің орынбасары Ерқанат Мәнжуов және облыс маслихатының депутаты Асаубай Майлыбаев қиды. Жамбыл медициналық колледжінің директоры Самиха Қоңырқызы облыс әкімінің орынбасары Ерқанат Мәнжуовты, облыстық денсаулық сақтау басқармасының басшысы Ерлан Масалимовты және бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдерін орталықтың жұмысымен жан-жақты таныстырды.

Орталықтағы кабинеттер медицина қызметкерлеріне арналған заманауи симуляторлармен жабдықталған. Медицина қызметкерлерін арнайы симуляциялық технологиялар арқылы оқытатын бұл орталық болашақ мамандардың біліктілігін арттыруда таптырмайтын әдіс. Салтанатты ашылуда колледж студенттері қонақтарға өз өнерлерін көрсетті.



29.05.2015 ж.

Қарағанды медициналық колледжінің базасында Республикалық "Үздік фармацевт - 2015" байқауы өтті. Байқауға Республиканың 9 колледжінен студенттер қатысты: І орынды Шымкент медициналық колледжі, ІІ орынды Жамбыл медициналық колледж студенті Бакирова Альфия ("Фармация" бөлімінің, 428 топ), ІІІ орынды Солтүстік Қазақстан медициналық колледжі студенттері жеңіске жетті. Бакирова Альфияның жетекшілері Андақұлова Қ.Т. Мақтау қағазымен, Ахметова Ұ.М. Алғыс хатпен марапатталды.

